

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, БҚО әкімдігі мен КПО арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

2008 жылғы қарашаның 28 күні «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы КПО ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Батыс Қазақстан облысы әкімдігімен ынтымақтастық туралы бірлескен меморандумға қол қойды.

Ағымдағы қаржы жағдайын ескере отырып, меморандум мақсаты компания мен Қазақстан Республикасы арасында әлеуметтік жауапкершілік пен еңбекті қорғау саласында ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Ақсай қаласындағы меморандумға қол қою рәсімінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, БҚО әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов және КПО-ның бас директоры Роджер Фокс қатысты.

«КПО министрлік пен БҚО әкімдігімен тығыз ынтымақтастықта болу мүмкіндігін қуана құптайды. Бұл меморандумға қол қою КПО-ның әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыруда маңызды кезең болып табылады, сонымен бірге компания ұжымы жұмысшыларының құқықтарын қорғауға кепілдік ретінде қызмет етеді» - деп атап көрсетті КПО-ның бас директоры Роджер Фокс.

Бұл меморандум әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы іскерлік қарым-қатынастар үшін негізгі бағыт болып табылады. Аталған жаңалықты меморандумға қол қою рәсіміне қатысқан КПО қызметкерлері мен кәсіподақ өкілдері үлкен энтузиазммен қабылдады.



КПО басшылары Үкіметтік наградалармен марапатталды



КПО-ның бас директоры Роджер Фокс пен КПО-ның Үкіметпен байланыс және корпоративті саясат жөніндегі менеджері Нұржан Камалов мемлекет алдындағы еңбегі үшін, белсенді қоғамдық қызметі, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен іскерлік қарым-қатынасты нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жоғары Үкіметтік наградаларына ие болды.

Роджер Фокс II дәрежелі «Достық» орденімен, ал Нұржан Камалов «Құрмет» орденімен марапатталды. Оны Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов Орал қаласында өткен ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған мерекеде табыс етті.

КПО басшыларының жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталуы олардың жеке еңбектерінің ескерілуі ғана емес, КПО ұжымының да еңбегінің және Қазақстан экономикасына Қарашығанақ жобасының қосқан үлесінің еленуі болып табылады.

Ақсай сұлуланып келеді

Ақсай қаласында былтырғы жылдың қазан айынан бастап КПО мен қалалық әкімдіктің біріккен «Ақсай қаласының жолдарын жақсарту» атты жобасы басталды. Жобаның құны бір миллион доллар. Бұл күрделі жұмыстың мердігері осыған дейін де КПО-ның жобаларына қатысып жүрген «Берлігазқұрылыс» компаниясы.

Орталық көшелердің негізгі қозғалыс бөліктерін асфальттау жұмыстары атқарылып болды. Кейбір жерлерде құрылысшыларға ескі асфальт жабындыларын алып тастауға тура келді. Бұдан басқа орталық көшелерде бордюр орнату жұмыстары жедел атқарылды.

Келісім-шарт талаптары бойынша КПО компаниясы бордюрларды орнату жұмысына инвестиция салады, ал көшелерді асфальттау қалалық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады. Жолдарды жақсарту КПО-ның Ақсай қаласының жолдарын қайта жобалауға бағытталған әлеуметтік жобалар бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды. Ақсай қаласының жолдарын жақсарту жобасы осы жылдың көктемінде қайта жалғасын табатын болады.

Бордюр орнатылғаннан кейін көшелер, жалпы қала келбеті өдәуір өзгеріп, жақсарып қалғанын атап айтуға болады.

КПО Би Джи Групп наградасын алды

2008 жылдың қараша айының соңында Би Джи Групп Лондонға жақын орналасқан Темза өзенінің бойындағы ағылшын сәулет өнерінің бағалы ескерткіштерінің бірі Хэмптон-Корт сәулетті сарайында Бас атқарушы директордың наградаларын тапсырудың кезекті рәсімін өткізді.

Марапаттау рәсімінде тоғыз номинация бойынша үздіктермен бірге және басқа да байқауға қатысушылармен қоса Би Джи Групптың дүние жүзіндегі барлық бөлімшелерінен өкілдер қатысып отырды. Байқау жеңімпаздарына жүлдені Би Джи Групптың Бас атқарушы директоры Фрэнк Чапман тапсырды.

КПО компаниясы осы байқауда «Өндіріс тәсілдерін

жақсарту» категориясы бойынша байқауға қатысқаны үшін ынталандыру сыйлығына ие болды. КПО компаниясы бұл наградаға Қарашығанақ кен орнында Megaflow сепараторын пайдалану арқылы кемірсутегінің ауаға лақтырылуын азайту бойынша атқарылған жұмыстары үшін ие болғанын атап айтуымыз керек.

Бас атқарушы директордың наградаларының байқауын Би Джи Групп компаниясы 2002 жылдан бастап өткізіп келеді. 2008 жылы байқау жетінші рет өткізіліп отыр. Байқаудың негізгі мақсаты - Би Джи Групп компаниясының көмірсутегін өндіріп жатқан жобаларының барлығында енгізілген жаңалықтардың бәрін көрсету және қолдау.

Бас атқарушы директордың наградаларына өткен алғашқы байқауынан бастап байқауға қатысуға тапсырыстар жыл айынан артып келеді.

Қарашығанақта соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша газды жою көрсеткіштерінің үнемі жақсарып келе жатқаны байқалады. Мұнда газ тектес қалдықтардың ауаны ластауымен күресудің ең жаңа технологиясы енгізілген. Газдың алауда жағылатын көлемін қысқарту стратегиясы жасалуда, олар алаулар мен ұңғымаларда газ жанғанда күл мен микробөлшектердің жиналуын болдырмайтын экологиялық қауіпсіз жануларды (жасыл) пайдалануды қарастырады.



22 желтоқсан-энергетика күні

Біз энергетиктердің кәсіби мерекесі қарсаңында КПО-ның коммерциялық өлшемдер мен электрмен қамту секторының бастығы Қуантай Нұржановпен кездесіп, кейбір сұрақтарға жауап беруін өтінген едік.



Қуантай, Қарашығанақ кен орны дүние жүзіндегі ең ірі мұнайгазконденсат кен орындарының бірі болып табылады. Қарашығанақ кен орнындағы барлық әрдістік нысандар электр қуатымен үзліссіз қамтамасыз етіледі. КПО-ның осы энергожүйесі туралы кеңірек айтып бермес пе екенсіз?

- КПО-ның өндірістік нысандарының құрамына Қарашығанақ қайта өңдеу кешені (КПК), ГП-3, ГП-2 кіретіні, олардың газ бен сұйық көмірсутегіні тазалау және газды пластқа кері айдау қондырғылары, сол сияқты КТК жүйесі арқылы қарашығанақ мұнайына әлемдік нарыққа шығу мүмкіндігін беретін Қарашығанақ –Үлкен Шаған - Атырау 635 километр экспорт тұрбажелісі кіретіні белгілі. Бұл нысандардың барлығы да тек қана электр қуатының күшімен жұмыс жасайтынын түсінетін боларсыз. Ал Қарашығанақ кен орнында көмірсутекті шикізатты өндіріп, қайта өңдеу мен тасымалдау процесі көп электр қуатын қажет етеді. Ол негізсіз де емес. Конденсатты Қарашығанақтан Атырауға дейін тасымалдауға және газды пластқа қайта айдауды қамтамасыз ету үшін өндірістілігі және қуаттылығы жоғары нассостар мен компрессорлар қажет. Ал Батыс Қазақстан облысындағы электр қуатының мұндай үлкен көлемдегі жұмысты атқаруға күші жетпейтін. Міне, осы себептерден Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орнын игеру мен оны дамытудың бағдарламасы шеңберінде ӨБНК (ОСРП) шарттары бойынша Газтурбиналық электр станциясының құрылысы салынып жұмыс жасай бастады. Яғни 2001 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен арнайы ашылу салтанаты болғаны белгілі. Келесі жылдарда екінші, үшінші турбиналары іске қосылды. «Дженерал Электрикс» америкалық компаниясы салған үш газтурбиналық генератордан тұратын қуаттылығы 120 МВт электрстанциясы Қарашығанақ кен орнының негізгі өндірістік нысандарының жұмысын қамтамасыз ететін КПК инфрақұрылымының маңызды элементі болып табылады.

Ал 4-інші газтурбиналық генератор іске қашан қосылды және оның құрылысы үшін қаншалықты қажеттілік болды?

- 2005 жылы 4-інші газтурбиналық генератор пайдалануға берілді және электрстанциясының жалпы қуаттылығы 160 МВт жетті. Осы төрт турбинаның да ең алдыңғы қатарлы отын жүйесімен жабдықталғанын және әлемдегі ең экологиялық жағынан таза болып табылатынын айта кеткен абзал. Қарашығанақ қайта өңдеу кешені басталысымен КПО-ның электр қуатына деген өз қажеттіліктері де артты. Бүгінгі таңда ол 70мегаватқа жетті. Облысқа электр қуатын беру көлемін төмендетпеу үшін ҚР Үкіметінің өтініші бойынша КПО басшылығы 4-інші газтурбиналық генераторды



салу туралы шешім қабылдаған болатын. Қосымша генератор жөндеу-профилактикалық жұмыстар кезінде, сол сияқты авария жағдайында барлық генераторлардың жұмыс тәртібінің қажетінше өзгертілуіне мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Батыс Қазақстан аймағында электр қуатына деген қажеттілік едәуір жақсы деңгейде, салыстырмалы түрде айтқанда арзандау, әрі тұрақты түрде қанағаттандырылатын болды.

Қазіргі уақытта КПО-ның энергожүйесі туралы не айтуға болады?

- Бүгінгі таңда КПО-ның энергожүйесі электрстанциясы, подстанциясы және 110/35/6кВ электр беру желісі, КПК-ға, ГП-2, ГП-3 бөлу қондырғысы және жинау жүйесі бар үлкен әрі күрделі кешен. Осы құрылымның төтенше жағдайсыз сенімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін КПО-ның үлкен көлемде электротехникалық персонал мен мердігерлік ұйымдар жұмылдырылған, олар электр құрал-жабдықтарын пайда-

Анықтама:

Қуантай Нұржанов Алматы энергетика институтын бітірген, мамандығы электрмен қамту. Электр қуаты саласында 23 жылдан астам уақыт жұмыс жасаған. «Оралэнерго» АҚ құрылымдық бөлімдерінде электрмен бастап басшылық қызметтің бүкіл баспалдақтарынан өтті. КПО-да 2001 жылдан бастап жұмыс жасайды. Өз қызметін Қарашығанақ қайта өңдеу кешені (КПК) газтурбиналық электрстанциясында диспетчер болып бастаған.

лану мен техникалық қызмет көрсетуде үлкен жұмыс көлемін атқарады.

Қазақстан Республикасының бірлескен Энергожүйесінің қатар жұмыс кестесінде КПО-ның энергожүйесінің қауіпсіз жұмыс жасауында САИН Power компаниясының кезекші персоналының атқаратын еңбегі зор. Өткен жылдар ішінде Батыс Қазақстан РЭҚ АҚ ұжымымен, олардың еншілес кәсіпорны болып саналатын «Ақжайықэнергоауда» ЖШС жақсы іскерлік қарым-қатынас орнағанын да айтуымыз керек. Сонымен бірге Батыс Қазақстан, Атырау облыстық энергомен жабдықтаушы, энерготасымал-

әкелді?

ГТС КПК өндіріп, облысқа таралатын электрэнергиясы басқа көздермен салыстырғанда, мәселен Россиядан алғаннан едәуір арзан. Бұл барлық тұтынушылар үшін, бірінші кезекте тұрғындарға электр қуаты үшін жалпы тарифті арзандатуға мүмкіндік берді.

Энерготаратушының төмен бағасы индустрияның өркендеуіне жағдай жасайтынын ескерсек, КПО облыстың экономикасы мен тұрғындардың әлеуметтік өмірінің жақсаруына орасан зор үлес қосты деп сеніммен айтуға болады. Қазіргі уақытта бұл жұмыс жалғасып келеді.

Соңғы бір жарым жыл ішінде электр қуатының экспорты 46-48 Мвт белгісіне тұрақтады, 2007 жылғы экспорт көлемі 376 млн. кВт/сағатты құрады. Салыстырма үшін, 2007 жылы облыстың жалпы электр қуатын тұтынуы КПО-ның нысандарын есептемегенде 825 млн.кВт/сағатты құрады. Оның ішінде 45 пайызы КПК Газтурбиналық электрстанциясынан облыстың қажеті үшін өндірілді. Бұл Қазақстанның электр қуаты өндірісінің жалпы көлеміне қосылған зор үлес және аймақтың энерготәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Қараша айында ГТС КПК жұмыс басында жалпы электр қуатын өндіру 4 млрд. кВт/с. асса, 2008 жылдың наурыз айында Батыс Қазақстан облысы экспорты рекордтық белгіге жетті және 2 млрд. кВт/с. бөлесінен асып түсті.

2008 жылдың толық емес 11 айында КПО компаниясы облыс қажеттілігі үшін 353 млн. кВт/с. өндірген және электр қуатын тасымалдау биылғы жылы өткен жылдан кем емес деңгейде болмақшы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 15 қарашасындағы №1226 Жарлығымен желтоқсанның үшінші жексенбісі Энергетика күні болып жарияланды. Осыған орай сіз энергетик-әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

- Биылғы жылы бұл айдың 21 келеді, бірақ барлық энергетиктер өз мерекелерін желтоқсанның 22 күні атап өтеді. Өйткені бұл жылдың ең қысқа күні, яғни электр қуатын ең көп қажет ететін күн.

Осы кәсіби мереке қарсаңында кен орнында жұмыс жасайтын электрэнергетика саласының барлық қызметкерлерін, сонымен бірге кен орны болсын, басқа жерлерде болсын электр қуатымен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етуге өз үлестерін қосып, біздің компанияның табысына ықпал етіп жүрген мердігерлер мен басқа да әріптестерімді мерекелерімен құттықтаймын. Сіздердің кәсіби қызметтеріңізге табыс, мықты денсаулық, сергектік, мол күш – қуат тілеймін. Сіздерге және сіздердің отбасыларыңызға бақыт пен игіліктер тілеймін!

Редактор бағаны

«Новости Карачаганака» газетінің редакциясы өзінің барлық оқырмандарын Жаңа 2009 жылмен құттықтайды.

Біз сіздерге және сіздердің жақындарыңызға барлық жақсылықтарды тілейміз және осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «Новости Карачаганака» газетінің шығуына белсене атсалысып, баспасөз бетіне шығаратын қызықты материалдар алуда өлшеусіз көмек көрсетіп келе жатқандарға алғысымызды айтамыз.

Биылғы жылдың қаңтар айынан бастап КПО-ның корпоративті газеті ай сайын тек орыс және ағылшын тілдерінде ғана емес, қазақ тілінде де шыға бастайтынын қуана хабарлаймыз. Бұл орайда КПО өзінің алдағы уақытта да мемлекеттік тілді қолдап отыратынын нақтылап отыр.

Газет беттерінде біз бұрынғыша Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орны туралы, компания басшыларының ұстанған саясаты туралы, шаралар мен оқиғалар, жаңа жобалар мен КПО-ның ауданның, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы ең жаңа, әрі нақты ақпараттар беріп тұратын боламыз.

Біз сол сияқты өзіміздің оқырмандарымызға Ақсай қаласының мәдени өмірі, шаралар мен оқиғалар, сонымен бірге осы өлкеде тұратын өнегелі адамдар туралы әңгімелейтін боламыз. Өздеріңізге белгілі, «Новости Карачаганака» газеті КПО-ның қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің тікелей қатысуымен өзірленеді.

Жалпы «Новости Карачаганака» газеті КПО-ның басшылары мен қызметкерлері, құрылтайшы компаниялар арасында, ал ең бастысы кен орнына жақын орналасқан селолық округ тұрғындары арасында өзінің оң бағасын алды. Осындай ақпараттық бюллетень қажет екендігін айдан анық, сондықтан да біз оны сіздердің көмектеріңізбен одан да ақпаратты және қызықты етуге бар күшімізді саламыз деп сендіргіміз келеді.

КПО-ның әрбір департаментінде газет беттерінде жариялауға болатын қызықты материалдар бар екеніне біз сенімдіміз. Сондықтан да КПО-ның корпоративті байланыстар департаменті сіздерден осы газеттің шығаруы мен оның дизайнына толықтай жауап беретін біздің әріптесіміз Асқар Тапаловқа көмектесіп отыруға шақырады. Мына телефондар арқылы байланыса аласыздар 85732222658 немесе электрондық пошта арқылы TapalA@kpo.kz

